



ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛЫС ИЕЛЕРІ

Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз – Ербол мен Есбол Бейсовтер және Бақыт пен Ырыс Қайырбековалар. Ербол мен Есбол Индустриалды-технологиялық институтында «Құрылыс инженериясы» мамандығында бір топта оқиды. Ал Бақыт пен Ырыс әр түрлі институттарда, әр түрлі мамандықтарда білім алып жүр. Бақыт Қайырбекқызы – Агротехнологиялық институтта «агроном» мамандығында оқиды. Ырыс Қайырбекқызы – Политехникалық институтта «инженер» мамандығы бойынша білім алууда.

«ПЕРВЫЙ И ВТОРОЙ БЕЙСОВ»

Алдымен Ербол мен Есболды әңгімеге тартып, есімдерін қандай мағынада қойғанын сұрадық. – Біздің есімдерімізді ерлерше өмір сүрсін, бір-біріне ес болсын деген мағынада атамыз қойған екен. Біз – Жәнібек ауданынанбыз, – деп әңгімесін бастады егіздердің бірі Ербол. Бір-бірінен айнымайтын егіздер өздерін ажырата алмай қалатын кездер көптеп кездесетінін жеткізді: – Бірде ауылдағы медициналық амбулаторияға сыңарым менен бұрын барған екен. Ал

мен одан кейін кірдім. Дәлізге қатар шыққанымызды көрген жас мұғалім: – Бір бала кіріп еді, екі бірдей бала болып шықты ғой, – деп таң қалды.

Тағы бірде мектепте химия пәні сабағында оқытушы егіз ұлдарды тақтаға шақырарда оларды ажырата алмай, беттеріне қарап отырып: – Первый Бейсов выходи к доске, – депті. Сыңары сабақ айтып болған соң: – А теперь второй Бейсов, – деген екен екіншісін тақтаға шақырып.



БИШІ АРУЛАР

Келесі кейіпкерлеріміз – Бақыт пен Ырыс 2003 жылы 30 желтоқсанда Сырым ауданына қарасты Жосалы ауылында дүниеге келген. – Біздің Ырыс, Бақыт атты мағынасы зор есімдерімізді әкеміз қойған. Ата-анамыз кішкентайымыздан бізді белсенді болуға баулып, би үйірмесіне берді. Он жыл би үйірмесіне қатысып, өнердің осы түрін бойымызға сіңірдік. Туған жеріміздегі жалпы білім беретін Абдолла Жұмағалиев атындағы орта мектепте білім алып, 2021 жылы алтын ұя мектебімізден түлеп ұштық. Ұстаздарымыз берген сапалы білімнің арқасында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің мемлекеттік грант иегерлері атандық, – дейді егіз қыздар. Егіз арулар университет қабырғасында да белсенділер қатарынан табылып, «Ерке-нұр» би ансамблінің құрамында өнерлерін көрсетіп жүр.

Егіздерді шатастыру оқиғалары Ырыс пен Бақыттың өмірінде де кездесіп жатады екен. Кішкентай кездерінде ата-

аналары қонаққа кетіп, егіздерді ағасы мен әпкесіне қалдырып кетеді. Сол кезде оларды бауырлары да ажырата алмай, бөтелкедегі сүтті тек біреуіне ғана бере беріпті. Ал өздерінің ойынша, екеуін кезекпен тамақтандырып жүргендеріне сенімді болса керек. Сөйтіп, аналары қонақтан келгенше тамақтан құр қалған егіздің сыңары жылай бастапты. Мұны аналары қонақтан келіп түсіндіргенде барып, бір байқаған екен. Кейін студенттік шақта да оларды группаластары, эдвайзерлері, оқытушылары ажырата алмай қалатын оқиғалар жиі болып тұратынын айтты.

Жалпы егіздер – ерекше жаратылыс иелері. Бір-біріне 100 пайыз ұқсас егіздерді қазіргі замандағы дамыған жоғары технологиялық ғылыми жетістіктердің көмегімен де дүниеге әкелу мүмкін емес. Ол жағы адамзат жаратылысындағы сыры ашылмаған құпия болып қалуда. Сондықтан, жанымызда жүрген ерекше жандарды біле жүрейік!

Зияткерлік сайыс өтті

Политехникалық институттың «Көлік және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің 1-курс білім алушылары арасында ұйымдастырылған зияткерлік сайыс ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орайлас-тырылды.

Зияткерлік сайысқа қатысушылар «Блиц-сұрақтар», «Полиглот» және «Қара жәшік» деп аталатын үш кезең бойынша білімдерін сынға салды. Сайыс барысында қатысушылар еліміздің тұңғыш президенті – Елбасының өміріне қатысты, қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты және егемен мемлекетіміздің тарихы туралы бірқатар сұрақтарға жауап беріп, өздерінің білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті.



Зияткерлік іс-шара соңында тәуелсіз сарапшылар әр топтың сайыс барысында жинаған ұпай сандарына сәйкес үздік топты анықтады. Атап айтсақ, I дәрежелі дипломды – «Автомобиль және автомобиль шаруашылығы» және «Автомобиль көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығының студенттерінен құралған «Көлік» тобы; II дәрежелі дипломды – «Өндірістігі

қауіпсіздікті қамтамасыз ету» мамандығында білім алушылардан құралған «Қауіпсіздік» тобы; III дәрежелі дипломды – «Аграрлық техника және технология» мамандығының студенттерінен құралған «Техника» тобы иеленді.

Іс-шараға атсалысып, сайысты жүргізген, белсенділік танытқан институттың белсенді студенттеріне алғыс хаттар табысталды.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Жансулу Сапашева

Бас маман
Ләззат Қажымова
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеледі. Газет АҚ «Кокше-Полиграфия» ЖК баспаханасында басылды. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы. Таралымы: 1000 дана. Тапсырыс: №2519 Газет айына 1 рет шығады. Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 227-бөлме РББ Тел: 51-61-39, (1-42). Zangar_zkaty@mail.ru